

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №2

Күні: 06.12.2024ж.

Қатысушылар: қамқоршылық кеңесі, гимназия әкімшілігі

Күн тәртібі:


1. 2024 жылғы материалдық техникалық базаның жаңартылуы мен толықтырылуы- Н. К. Кабылова директор
2. Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау: отбасы және мектеп жауапкершілігі- К. К. Сулেকеев, Г. Б. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары
3. Әлеуметтік отбасы санатындағы балаларды аудан, қалалық шыршаға қатыстыру. Мектеп оқушыларына жаңа жылдық іс- шараның ұйымдастырылуы- А. Алжаппарова Г. Нұртай

Тыңдалды:

1. Гимназия директоры Н. К. Кабылова - 2024 жылғы материалдық техникалық базаның жаңартылуы мен толықтырылуы жайында таныстырып өтті.

Мектеп қажеттіліктеріне сәйкес келесі құрал-жабдықтар алынған:

1. Парта мен стол: саны 184 дана жалпы құны: 14,710 800
 2. Кондиционер: 4 дана, жалпы саны 728 000
 3. Математика кабинеті: жалпы құны: 8,499 554
 4. Киім ілгіш (вешалка): саны 50 дана, жалпы құны: 3,446 428
 5. Турникет: 1 комплект 16,679 040
 6. Интерактивті панель 15 дана құны 25 320 00
- Жалпы сомасы: 69,045,822 теңге





2. Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары К. К. Сулекеев, Г. Б. Оналбаева Бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау: отбасы және мектеп жауапкершілігі - мектептегі қауіпсіздіктің және құқық бұзушылықтың алдын алу жайында жүргізіліген жұмыстары жайында таныстырды. Мектепте 5-11 сынып оқушыларына арналып жоспарлы және жоспардан тыс құқық мамандарымен кездесулер мен дәрістер жиі өткізіліп отырады. Айына бір рет «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы негізінде ата-аналармен бірлесе тәрбие жұмыстары өткізілетіні атап өтілді.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша түсіндірме жұмыстары



Профилактикалық кеңес отырысы



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу



3. Әлеуметтік педагог А. Алжаппарова – әлеуметтік санаттағы отбасы балаларды желтоқсан айында өткізілетін аудандық, қалалық жаңа-жыл шыршаға қатыстыру жайында айтылды. Мектеп оқушыларына жаңа жылдық іс-шара өткізу туралы Қамқоршылық кеңесінің ұсынысымен мектепте қызықты ұйымдастыру жайында ойларын білдірді. Сырттан арнайы театрландырылған ертегі қойылым кейіпкерлерімен өткізілуі балаларға қызықты болады.

Ұсынысты ата-аналар комитеттерімен кеңесіп өткізуді жоспарлау туралы білдірді.

Шешім:

1. 2024 жылғы материалдық техникалық базаның жаңартылуы пән кабинеттерінің заманауи жабдықталуы оқушылардың білім алуына пән мұғалімдерінің жағдай жасауын бақылау- жауапты оқу ісі орынбасарлары
2. Оқушылардың құқықтық мәдениеті туралы мектеп пен отбасы тәрбиесінде «Біртұтас тәрбие» негізінде жүзеге асыру – тәрбие орынбасарларын мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. Әлеуметтік санат отбасындағы балаларды жаңа -жыл шыршасына қатысуға сұраныс және мектепте оқушылардың жаңа-жыл шыршасын ұйымдастыру туралы ұсынысты қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар комитеттері қарастыру.

Хатшы: Оразалина Ж. Б.